

2023 жылға мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 194 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығымен бекітілген мүгедектігі бар адамдарға арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы орындарды есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде осы қаулының қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберілсін;

2) осы қаулыны Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

Әкімдіктің қаулысына
2022 жылғы "11" қараша
№ 194
қосымша

2023 жылға мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымдардың атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	"ИНСПЭК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	232	0,4 %	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК